

Қазақстан Республикасының Индустрия және
инфрақұрылымдық даму министрлігіҚазақстан Республикасы
Индустрия және
инфрақұрылымдық даму
министрінің 2021 жылғы 8
сәуірдегі № 159 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2021
жылғы 12 сәуірде № 22528 болып
тіркелдіМинистерство индустрии и инфраструктурного
развития Республики Казахстан

«Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 251 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 251 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20587 болып тіркелген, 2020 жылғы 7 мамырда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

«5. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекітуге арналған өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес «Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – Стандарт) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Стандартта жазылған.

Порталда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.

Жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.»;

6-тармақ алып тасталсын;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Құжаттарды қарау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру мерзімі олар келіп түскен күннен бастап 4 (төрт) жұмыс күн құрайды.

8. Көрсетілетін қызметті алушыдан өтініш және Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасы түскен кезде, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе орындаушысы осы өтініш және құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына немесе, жетекшілік ететін басшының орынбасары және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы арқылы көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысын анықтайтын оның міндетін атқаратын адамға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген мерзімде өтініш және Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының осы Қағидалардың және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген) бекітілген Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының (бұдан әрі - Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары) талаптарына сәйкестігін тексереді.

Өтініш және Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының осы Қағидалардың және Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары талаптарына сәйкестігін айқындау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларының 13-тармағының 1) тармақшасына сәйкес уақыт бойынша қосарланған маршруттар автобустары арасында жоспарланған жүру интервалын құрайтын шартты қарастырады және кенттермен, селолармен аудан орталықтары арасындағы, және аудан орталықтары мен облыс орталықтары және облыстық маңызы бар өзге де жақын қалалар арасындағы байланыс басымдылығын басшылыққа алады.

Өтініш және Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының осы Қағидалардың және Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары талаптарына сәйкестігі нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту туралы хабарламаны не егер өтініш және Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасы осы Қағидалардың және Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары талаптарына сәйкес келмесе, Стандарттың 9-тармақта көрсетілген негіздер бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны ресімдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің жобасын көрсетілетін қызметті берушінің басшысына не жетекшілік ететін басшы орынбасарымен және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің басшысымен келісу бойынша оның міндетін атқаратын адамға жібереді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.»;

1, 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Индустрия және
инфрақұрылымдық даму министрі**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

**Б.
Атамкулов**

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2021 жылғы 8 сәуірдегі
№ 159 бұйрығына
1-қосымша

Жолаушылар мен багажды автомобильмен
қалалық (ауылдық), қала маңындағы және
ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын
және қозғалыс кестелерін бекіту қағидаларына
1-қосымша

Нысан

**Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала
маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және
қозғалыс кестелерін бекітуге арналған өтініш**

1. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау
маршруттарына қызмет көрсету құқығына куәлік (бұдан әрі - куәлік):

- 1) куәлік нөмірі №: _____;
- 2) берілген күні (күні, айы, жылы): _____;
- 3) қолдану мерзімі (күні, айы, жылы): _____;
- 4) куәлікті берген жергілікті атқарушы органы: _____.

2. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауды
ұйымдастыру шарты (бұдан әрі - шарт):

- 1) шарт нөмірі №: _____;
- 2) берілген күні (күні, айы, жылы): _____;
- 3) қолдану мерзімі (күні, айы, жылы): _____;
- 4) шартты жасасқан жергілікті атқарушы органы: _____.

3. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау қатынасының түрі (бұдан әрі – қатынас түрі):

1) қалалық (ауылдық) ;

2) қала маңындағы ;

3) ауданішілік .

4. Маршруттың атауы: бастапқы пункттің атауы _____, соңғы пункттің атауы _____.

5. Қозғалыс кестесі: бастапқы пункттен жөнелту уақыты _____, соңғы пункттен жөнелту уақыты _____.

6. Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасы қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға қызметті жүзеге асыру немесе жеке әрекеттердің мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

*Осы өтініштің 4 және 5-тармақтары бойынша мәліметтерді толтырған кезде бір бастапқы пункттен жөнелту уақытын және бір соңғы пункттен жөнелту уақытын көрсете отырып, бір маршруттың атауы көрсетіледі.

Қалалық (ауылдық) немесе қала маңындағы қатынастарда елді мекенде орналасқан аялдама пункттерінің атаулары көрсетіледі.

Ауданішілік қатынастарда маршруттың бастапқы және соңғы пункттерінде орналасқан елді мекендердің атаулары көрсетіледі.

Аралық пункттер, олар бар болғанда маршрут схемасында және қозғалыс кестесінде көрсетіледі.

**Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2021 жылғы 8 сәуірдегі
№ 159 бұйрығына
2-қосымша**

**Жолаушылар мен багажды автомобильмен
қалалық (ауылдық), қала маңындағы және
ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын
және қозғалыс кестелерін бекіту қағидаларына
2-қосымша**

Нысан

**«Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала
маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және
қозғалыс кестелерін бекіту» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары.
2.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арнасы)	портал арқылы.
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	4 (төрт) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электронды (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту туралы хабарлама, не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің басшысы немесе оның міндетін атқарушының ЭЦҚ қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберіледі.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

		<p>2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнама-сына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтиже-лерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.</p>
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі	<p>1) өтініш;</p> <p>2) жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданишілік тұрақты тасымалдау маршруттар схемасы;</p> <p>3) жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданишілік тұрақты тасымалдау маршруттары бойынша қозғалыс кестесі.</p>
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсету-ден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) өтініш және Стандартта көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасының осы Қағидалардың және Жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидалары талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.</p>
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша бірінғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алу мүмкіндігі бар.</p>

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2021 жылғы 8 сәуірдегі
№ 159 бұйрығына
3-қосымша

Жолаушылар мен багажды автомобильмен
қалалық (ауылдық), қала маңындағы және
ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын
және қозғалыс кестелерін бекіту қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Жолаушылар мен багажды автомобильмен қалалық (ауылдық), қала
маңындағы және ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын және
қозғалыс кестелерін бекіту туралы № _____ хабарлама**

Берілетін уақыты мен күні: 20 _____ жылғы «__» _____

Көрсетілетін қызметті алушы: _____

(жеке сәйкестендіру нөмірі /
бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет: «Жолаушылар мен багажды
автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты
тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту»

Куәліктің көмірі №: _____

Шарттың нөмірі №: _____

Қатынас түрі: _____

Маршруттың атауы		Қозғалыс кестесі	
бастапқы пункті	соңғы пункті	бастапқы пункттен жөнелту уақыты	соңғы пункттен жөнелту уақыты

Статус: Бекітілді

Хабарлама берген жергілікті атқарушы орган: _____

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2021 жылғы 8 сәуірдегі
№ 159 бұйрығына
4-қосымша

Жолаушылар мен багажды автомобильмен
қалалық (ауылдық), қала маңындағы және
ауданішілік тұрақты тасымалдау маршруттарын
және қозғалыс кестелерін бекіту қағидаларына
4-қосымша

Нысан

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы № ____ хабарлама

Берілетін уақыты мен күні: 20 ____ жылғы « ____ » _____

Көрсетілетін қызметті алушы: _____
(жеке сәйкестендіру нөмірі/
бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет: «Жолаушылар мен багажды
автомобильмен қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік тұрақты
тасымалдау маршруттарын және қозғалыс кестелерін бекіту»

Куәліктің көмірі №: _____

Шарттың нөмірі №: _____

Қатынас түрі: _____

Маршруттың атауы		Қозғалыс кестесі	
бастапқы пункті	соңғы пункті	бастапқы пункттен жөнелту уақыты	соңғы пункттен жөнелту уақыты

Статус: Бас тартылды

Негізі: _____

Хабарлама берген жергілікті атқарушы орган: _____